| | |
|---|---|
| **Пән** | Бастауыш сынып |
| **Мұғалім** | Салқынбаева Жанаргүл Қадылбекқызы |
| **Мектеп, сынып** | Астана қаласындағы Халықаралық мектеп 3-сынып |
| **Сабақтың тақырыбы** | Планета – ортақ үйіміз |

www.bilimland.kz

<table>
<tr><td>Трансдисциплинарлық тақырып:<br>Планета – ортақ үйіміз.</td><td>Орталық ой: Жануарлар мен өсімдіктердің жойылуы әртүрлі себептерден болады және экожүйедегі тепе-теңдікті сақтауға әсер етеді.</td></tr>
<tr><td colspan="2">Зерттеу бағыттары:<br>– жануарлар мен өсімдіктердің жойылу себептері;<br>– флора мен фаунаның жойылуының біздің планетамызға әсері;<br>– жануарлар мен өсімдік түрлерін сақтаудағы адамдардың жауапкершілігі.</td></tr>
<tr><td>Тақырыбы: Қорек тізбегі.</td><td>Сабақтың мақсаты: Оқушылар өздері құрастырған қорек тізбегін талдайды, тақырып бойынша тапсырмалар мен тест орындай алады.</td></tr>
<tr><td colspan="2">Міндеттері:<br>– оқушылар қорек тізбегі туралы біледі;<br>– қарапайым қорек тізбегін құрастырады, берілген нұсқамен салыстырады. Ұқсастығы мен айырмашылығын анықтайды;<br>– тақырып бойынша тапсырмалар мен тест орындау арқылы өздерін бағалайды.</td></tr>
<tr><td colspan="2">Ресурс: bilimland.kz сайты, А4 қағазы, жауап парақтары.</td></tr>
</table>

<table>
<tr><th>Кезеңдері/ уақыты</th><th>Мұғалімнің іс-әрекеті</th><th>Оқушының іс-әрекеті</th></tr>
<tr><td>Қызығушылықты ояту<br>(12 мин)</td><td>«Атом мен молекула» әдісі арқылы оқушыларды 6 топқа бөлу.<br>https://bilimland.kz/kk/content/structure/2010-osimdikter_men_zhanuarlardyng_aluan_turliligi#lesson=14741<br><br><br>«Әдеттегі қорек тізбегі» атты видео көрсету.<br>Тапсырма:<br>Әр топ берілген табиғи қауымдастыққа байланысты қорек тізбегін құрастырады:<br>1. Таулы жер.<br>2. Дала.<br>3. Шалғынды жер.<br>4. Шөл.</td><td>6 топқа бөлінеді<br><br>Видео көреді<br><br>А4 қағазға берілген аймаққа байланысты тізбек құрастырады. Қағаздарымен ауысады, танысады, сұрақтар қояды.</td></tr>
</table>

| | | |
|---|---|---|
| | 5. Орман.<br>6. Су қоймасы.<br>Топтар қағаздарымен ауысып, басқалардың жұмысын қарап шығады. Бір-бірлеріне сұрақ қоюға болады. | |
| **Мағынаны тану**<br>(15 мин) | **Салыстыр**<br>https://bilimland.kz/kk/content/structure/2010-osimdikter_men_zhanuarlardyng_aluan_turliligi#lesson=14741<br><br>«Судағы қорек тізбегі» мен «Ормандағы қорек тізбегі» атты видео көрсетеді: Оқушылар екі топ (су мен орман) жасаған тізбекпен видеодан көрген тізбекті салыстырады, айырмашылығы мен ұқсастығын табады, атап отырады, мұғалім олардың айтқанын Венн диаграммасында толтырады.<br>Осыдан қандай қорытынды жасауға болады? Не байқадыңдар? | Видео көреді. Топпен талқылайды, топтың атынан бір оқушы сөйлейді, басқа топтар жауабын толықтырады. Мұғаліммен бірлесіп диаграмманы толтырады. |
| | **2-видео:** «Қорек тізбегі арқылы өтетін энергия ағыны» атты видео көрсетеді. Сұрақтарға жауап алу:<br><br><br>Осы видеодан кейін ойланып мына сұрақтарға жауап беріңдер:<br>– Егер қоянның саны көбейіп кетсе не өзгереді?<br><br>– Бүркіттің саны көбейіп кетсе не болуы мүмкін? Қалай ойлайсың?<br><br>– Экожүйедегі тепе-теңдік сөзін қалай түсінесің?<br> | Видео көреді.<br><br>Әр топ сұрақтарға жауап береді, жауаптарын ортаға салады, басқалары толықтырады. Экожүйедегі тепе-теңдік туралы өздері қорытынды жасайды. |
| **Рефлексия**<br>(5-7 мин) | **Жеке жұмыс.**<br>№1-тапсырма. Сөйлемдерді толықтыр. | Оқушылар топпен ноутбук арқылы тапсырмаларды орындайды |

<table>
<tr>
<td></td>
<td>

Сөйлемдерді толықтырыңыз.<br>
___ алынатын энергия жасыл ___ сақталады.<br>
Содан кейін бұл энергия шөпқоректі ___ беріледі.<br>
Бірақ ол ___ шөппен қоректенген жануарға толығымен берілмейді, себебі оның бір бөлігін өсімдік көбею және ___ сияқты тіршілік үдерістерін жүзеге асыру үшін қолданады.<br><br>
№2-тапсырма. Дұрыс және бұрыс.<br>

Тұжырымдардың дұрыс немесе дұрыс еместігін көрсетіңіз.<br>
Дұрыс | Дұрыс емес<br>
Әдеттегі қорек тізбегі өсімдіктен басталып, жыртқышпен аяқталады.<br>
Жыртқыш балықтар балдырлармен қоректенеді.<br>
Энергия қорек тізбегі арқылы өту барысында соңына дейін сақталады.<br>
Тіршілік үдерістерін жүзеге асыру үшін қоянға көп мөлшерде энергия қажет.<br>
Қырғи емен жапырағымен қоректенеді.<br><br>
Тест.<br>

Дұрыс нұсқаны таңдап, сұрақтарға жауап беріңіз.<br>
1. Қорек тізбегі дегеніміз не екенін көрсетіңіз.<br>
экожүйедегі ағзалар арасындағы қоректену қарым-қатынасы<br>
ғаламшардың табиғи қорды қайта қалпына келтіруіне мүмкіндік бермей, адамзаттың оны қарқынды пайдалану үдерісі<br>
жойылып кеткен түрлер тобы<br>
күннен алынатын энергияны пайдалану<br>
2. Әдеттегі тағам тізбегі:
</td>
<td>(қағазға көшіріп орындатуға болады) мүмкіндік болса барлығының жеке орындағаны жақсы)</td>
</tr>
<tr>
<td>Бағалау<br>(5-7 мин)</td>
<td>Қорытынды беттегі тапсырмалар мен тест нәтижесі бойынша бағалау.<br>0 қате – өте жақсы<br>1-3 қате – жақсы<br>4-5 қате – қайталау керек<br>6-дан көп қате – түсінген жоқпын</td>
<td>Топтық бағалау (қағазға орындаған жағдайда өзін-өзі бағалайды).</td>
</tr>
<tr>
<td>Үйге</td>
<td>Өздері жойылып бара жатқан кез келген жануар немесе өсімдікті таңдайды, оның қорек тізбегіндегі орнын сурет арқылы көрсетеді.</td>
<td>Күнделікке жазып алады. Мәлімет іздеу, сурет салу.</td>
</tr>
</table>